

**Оңтүстік Қазақстан облыстық бюджетінің 2007 жылға арналған республикалық бюджеттен бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді қазақстандық мақта талшығының сапасына сараптама жасауға пайдалану ережесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 16 ақпандағы N 121 Қаулысы

"2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. Қоса беріліп отырған Оңтүстік Қазақстан облыстық бюджетінің 2007 жылға арналған республикалық бюджеттен бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді қазақстандық мақта талшығының сапасына сараптама жасауға пайдалану ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ағымдағы нысаналы трансферттердің бекітілген сомаларын Оңтүстік Қазақстан облыстық бюджетіне аударуды қамтамасыз етсін.

3. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі:

1) ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінген сомаларын уақтылы және  
мақсатты пайдалануды ;

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне ай сайын есептіден кейінгі айдың 25-күніне дейінгі мерзімде ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінген сомаларының пайдаланылуы туралы есептер ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2007 жылғы 16 ақпандағы

N 121 қаулысымен

бекітілген

**Оңтүстік Қазақстан облыстық бюджетінің 2007 жылға арналған республикалық бюджеттен бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді қазақстандық мақта талшығының сапасына сараптама жасауға пайдалану ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Оңтүстік Қазақстан облыстық бюджетінің 2007 жылға арналған республикалық бюджеттен бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді қазақстандық мақта талшығының сапасына сараптама жасауға пайдалану ережесі (бұдан әрі - Ереже) "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес әзірленді және 009 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыл шаруашылығын дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" бюджеттік бағдарламасының 108 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалалары бюджеттеріне қазақстандық мақта талшығының сапасын сараптауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" кіші бағдарламасы бойынша республикалық бюджет қаражатының есебінен бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді Оңтүстік Қазақстан облысының облыстық бюджетінің пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Ауылшармині) төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының облыстық бюджетіне ағымдағы нысаналы трансферттерді аударуды жүргізеді.

3. Қазақстандық мақта талшығының сапасына сараптама жасауға арналған қаражат (бұдан әрі - субсидиялар) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге бюджеттік бағдарламаның паспортында белгіленген көлемде мақта талшығының сапасына сараптама жасауға арналған шығындардың құнын толық өтеуге арналады.

**2. Қазақстандық мақта талшығының сапасына сараптама жасауға арналған шығынды толық өтеуге арналған субсидияларды пайдалану тәртібі**

4. Мақта талшығының сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтер көрсетуші (бұдан әрі - қызметтер көрсетуші) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес белгіленеді.

5. Мақта талшығының сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтерді сатып алушылар Қазақстан Республикасының аумағында өсірілген мақтаның иелері - отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер (бұдан әрі - қызметтерді сатып алушы) болып табылады.

6. Қызметтерді сатып алушылар лицензияланған мақта өңдеу ұйымдарына мақтаны жеткізеді.

7. Мақта өңдеу ұйымдары қызметтер көрсетушіге осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтерді сатып алушылардың тізілімін ұсынады.

8. Қызметтер көрсетуші, мақта өңдеу ұйымы мен Оңтүстік Қазақстан облысының облыстық ауыл шаруашылығы департаменті (бұдан әрі - Ауыл шаруашылығы департаменті) арасында мақта талшығының сапасын бағалау жөніндегі қызметтер көрсетудің үш жақты шарты жасалады.

9. Мақта талшығының сапасына сараптама жасау жөнінде қызметтер көрсету фактісі бойынша қызметтер көрсетуші мақта өңдеу ұйымдары ұсынған қызметтерді сатып алушылар тізілімдерінің негізінде осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мақта талшығының сапасына сараптама жасау жөнінде көрсетілген қызметтердің жиынтық актісін жасайды.

10. Қызметтер көрсетуші субсидиялар алу үшін ай сайын есептіден кейінгі айдың 10-күніне қарай Ауыл шаруашылығы департаментіне мынадай құжаттарды ұсынады:

мақта талшығының сапасына сараптама жасау жөнінде көрсетілген қызметтердің  
ж и ы н т ы қ а к т і с і н ;

мақта талшығының сапасын растайтын құжаттардың көшірмелерін.

11. Ауыл шаруашылығы департаменті он жұмыс күні ішінде субсидиялар алу үшін қызметтер көрсетуші ұсынған құжаттарды тексереді. Ауыл шаруашылығы департаменті қызметтер көрсетуші ұсынған растаушы құжаттардың негізінде осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялар төлеуге арналған ведомосты қалыптастырады.

12. Ауыл шаруашылығы департаменті үш жұмыс күні ішінде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне екі данада ақы төлеу шоттарының тізілімін және ақы төлеу шотын ұсынады.

13. Аумақтық қазынашылық бөлімшесі төлемдер бойынша бекітілген қаржыландыру жоспарына сәйкес субсидияларды қызметтер көрсетушінің шотына аударады.

14. Ауыл шаруашылығы департаменті субсидиялар төлеу үшін берілетін құжаттардың шынайылығы үшін жауапты болады.

15. Ауыл шаруашылығы департаменті Ауылшарминіне ай сайын есептіден кейінгі айдың 25-күніне дейінгі мерзімде бюджеттік бағдарламаның іске асырылуы туралы есеп береді.

16. Ауылшармині және Ауыл шаруашылығы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджет қаражатының тиімді және мақсатты пайдаланылуы үшін жауапты болады.

Оңтүстік Қазақстан облыстық бюджетінің  
2007 жылға арналған республикалық бюджеттен  
бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді  
қазақстандық мақта талшығының сапасына  
сараптама жасауға пайдалану ережесіне  
1-қосымша

## Қызметтерді сатып алушылардың тізілімі

**кезеңде**

Р/с N	Қызметтерді сатып алушының атауы	Будалар (сынамалар) саны, дана
1	2	3
Жиыны:		

Басшы

(Т.А.Ә., қолы)

Бас бухгалтер

(Т.А.Ә., қолы)

М . О .

Күні \_\_\_\_\_

Оңтүстік Қазақстан облыстық бюджетінің  
2007 жылға арналған республикалық бюджеттен  
бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді  
қазақстандық мақта талшығының сапасына  
сараптама жасауға пайдалану ережесіне  
2-қосымша

### Мақта талшығының сапасына сараптама жасау жөнінде көрсетілген қызметтердің жиынтық актісі

Р / с N	Лицензияланған мақта өңдеу ұйымының атауы, заңды мекен-жайы	Қызметтерді сатып алушының атауы	Будалар (сынамалар) саны, дана	Қызметтердің бір бірлігінің бағасы, теңге	Сомасы, теңге
1	2	3	4	5	6
Жиыны:					

Қызметтер көрсетуші

(Т.А.Ә., қолы, мөрі)

Күні \_\_\_\_\_

Оңтүстік Қазақстан облыстық бюджетінің  
2007 жылға арналған республикалық бюджеттен  
бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді

қазақстандық мақта талшығының сапасына  
сараптама жасауға пайдалану ережесіне

3-қосымша

" Б е к і т е м і н "

Ауыл шаруашылығы департаментінің басшысы

( Т . А . Ә . , қ о л ы , м ө р і )

200\_\_ж. "\_\_\_\_"\_\_\_\_\_

**200\_\_ж.\_\_\_\_\_кезеңдегі**

**мақта талшығының сапасына сараптама жасау жөнінде қызметтер көрсетушіге  
субсидиялар төлеуге арналған**

**N\_\_\_\_\_ведомость**

Р/с N	Қызметтер көрсету- шінің атауы	Нақты көрсетілген қызметтер, дана		Ж ы л басынан бастап тиесілісубси - диялар сомасы, теңге	Ж ы л басынан бастап төлен- гені, теңге	Тиесілі субсидия- л а р сомасыныңқалдығы , теңге	Төлеуге жағды , теңге
		жыл басынан бастап, дана	кезеңде, дана				